

А.С.Абдирайымова¹, А.Б. Сарсенбаев², Р.С.Жаркынбаева³

¹*тарих ғылымдарының кандидаты, доцент. М.Тынышбаев атындағы ҚазККА.
Қазақстан, Алматы. e-mail: ard_69@mail.ru*

²*тарих ғылымдарының кандидаты, доцент. М.Тынышбаев атындағы ҚазККА.
Қазақстан, Алматы. e-mail: zhigit1991@mail.ru*

³*тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.
Қазақстан, Алматы. e-mail: r_seidali@mail.ru*

ҰЛЫ ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ОЙЛАР...

Аңдатпа

Мақалада Ұлы Отан соғысына қатысты мәселелердің әлі де толық зерттелмей жатқаны туралы сөз етіліп, қазіргі кезде көптеген Екінші Дүниежүзілік соғысына жаңа көзқарастардың пайда болғандығы туралы сөз етіледі. Оларға мысал ретінде, соғыс барысында неміс әскері мен Кеңес үкіметі арасындағы қатынастар, ұлтаралық араздықтар, күштеп қоныс аудару, Екінші майданның ашылуы, Ұлыбританияның ресми ұстанған позициясы, т.б. мәселелердің уақыт өткен сайын жаңа қырларымен танытылып келетіндігі. Себебі, бұрыннан құпия болып келген көптеген құжаттардың ашылуы, кейбір мемлекеттердің тарих сахнасынан кетуі, т.б. факторлардың зерттеулерге әсер ете бастауында жатыр. Аталмыш мақалада жоғарыда айтылған мәселелерге жаңаша көзқараспен қарап, авторлар Қазақстанның Екінші дүниежүзілік соғысқа қосқан үлесі мен күшпен көшірілген халықтармен қатынасына тоқталып өткен.

Кілт сөздер: Ұлы Отан Соғысы, Екінші майдан, құпия құжаттардың ашылуы, ұлтаралық қақтығыстар, күштеп қоныс аудару.

A.S. Abdiraiymova¹, A.B. Sarsenbayev², Zharkynbayeva R.S.³

¹*Candidate of historical science, Associate Professor.
Kazakh Academy of Transport and Communications named after M.Tynyshpayev,
Kazakhstan, Almaty. e-mail: ard_69@mail.ru*

²*Candidate of historical science, Associate Professor.
Kazakh Academy of Transport and Communications named after M.Tynyshpayev,
Kazakhstan, Almaty. e-mail: zhigit1991@mail.ru*

³*Doctor of Historical science, Professor. Kazakh National University named after al-Farabi.
Kazakhstan, Almaty. e-mail: r_seidali@mail.ru*

ON THE EVE OF THE GREAT VICTORY ...

Abstract

The article presents a new view of the events of the great Patriotic war, since until today many aspects of the Second World war were not sufficiently studied. The war year events as the relationship of the Soviet government with the German army, ethnic conflicts, forced deportation, the opening of the Second front, the official position of the British government, and many other problems are revealed by modern researchers of the war year events from a new point of view. This process recently has been influenced by many identified factors. For example, the declassification facts of many “secret” documents, the disappearance of some states from the historical and political world arena. The authors tried to express a new point of view on the above events, as well as they assess the role of Kazakhstan in the Second World war and the relationship of the population of our Republic with forcibly deported peoples.

Keywords: Great Patriotic war, Second Front, declassification of archival documents, interethnic conflicts, forced deportation.

A.S. Абдирайымова А.С. ¹, А.Б. Сарсенбаев², Р.С.Жаркынбаева³

¹кандидат исторических наук, доцент. КазАТК им М.Тынышпаева.
Казахстан, Алматы. e-mail: ard_69@mail.ru

²кандидат исторических наук, доцент. КазАТК им.М.Тынышпаева.
Казахстан, Алматы. e-mail: zhigit1991@mail.ru

³доктор исторических наук, профессор. КазНУим.аль-Фараби.
Казахстан, Алматы. e-mail: r_seidali@mail.ru

В ПРЕДДВЕРИИ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ...

Аннотация

В статье представлен новый взгляд на события Великой Отечественной войны, так как до сегодняшнего времени многие аспекты Второй Мировой войны были не достаточно исследованы. Такие события военных лет как межнациональные конфликты, насильственная депортация, открытие Второго фронта, официальная позиция правительства Великобритании и многие другие проблемы раскрываются современными исследователями событий военных лет с новой точки зрения. На данный процесс оказали влияние множество факторов, выявленных в последнее время. Например, рассекречивание многих архивных документов с грифом «секретно», исчезновение некоторых государств из исторической и политической мировой арены и т.п. В данной статье авторы попытались высказать новую точку зрения на вышеуказанные события, а также ими даётся оценка роли Казахстана во Второй мировой войне и на взаимоотношения населения республики с насильственно депортированными народами.

Ключевые слова: Великая Отечественная война, Второй фронт, рассекречивание архивных документов, межнациональные конфликты, насильственная депортация.

Ағымдағы жылы біз еліміздің мемлекеттік мерекесі – Ұлы жеңістің 75 жылдығын атап өткелі отырмыз.

Осыдан 25 жылдан астам уақыт бұрын «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылданғаннан кейін еліміздің дамуында жаңа өзгерістер басталып, тарихымыздың жаңа кезеңдерінің беттері ашылды. Тарихты зерттеудің жаңа жолдары ұсынылып, бұрынғы тарихымыз түбегейлі қайтадан қарала бастады. Атап айтсақ, 1941-1945 жылдары болған соғысты «Отан соғысы деп атауға болмайды, КСРО қазақтардың отаны емес» деген көзқарастар көптеп туындағанымен, тарихшы ретінде айтарымыз, әр адам өз дәуірінің тұлғасы болып келеді. Біздің ойымызша, қазір қатары азайып бара жатқан ардагерлеріміздің отаны – КСРО болғандықтан, бұл атауды сол ардагерлер үшін сақтап қалуымыз керек. Себебі, ол дәуірдің адамдарының саны да, санасы да қазір кезде жаңа дәуірде өзгерістерге ұшырағанымен, тарихтың 50 млн. астам адамның қанымен жазылған бұл «қаралы парағын» санадан жырттып тастау мүмкін емес [1, 3-5 бб.].

Бүгінгідей кең байтақ жері бар, терең тарихы бар қазақ елі шын мәнінде осы ардагерлерімізге қарыздар халық. Қазақ халқы ертеден өршіл, батыр мінезді халық екені анық. Ұлы отан соғысына дейінгі кезеңдерде, қазақ халқы өз тарихында ұлт ретінде талай мәрте жойылып кете жаздап, тағдырдың талай ащы зары мен тауқыметін тартты. Бүгінгі тәуелсіздікке дейінгі аралықта халқымыздың сан ғасырлық аумалы-төкпелі тағдыры, арманы мен болашаққа ұмтылысы, арпалысқа толы күресі жатыр. Тәуелсіздік жолындағы күресте іштей булыққан бұлқынысы мен өкініші, жеңістері мен жеңілістері қатар жүрді [2, 23-25 бб.].

Кең көсілген Арқадан кербез Алатауға дейінгі, алтын тамыр Алтайдан кәрі Каспийге дейінгі аралықтан ұлан-ғайыр даланың ұлы өркениетін қалыптастырған батыр бабаларымыздың қайсар мінезі арқасында орта ғасырда қазақ ұлысы қалыптасып, қазақ хандығының жеке ордасы тігілді.

Бұл кезең қазақ халқының болашағы үшін шешуші тарихи сәттердің бірі болғаны рас. Алайда, жеке хандық құрылғанымен, қазақтың басына баянды бақ пен бейбіт өмір орнай қалмағаны тағы белгілі [3, 11-21 бб.].

Әр ғасыр, әрбір дәуір қазаққа сыны мен сынағын қатар жіберуден танбады. «Ақтабан шұбырынды, алакөл сұлама» тұсында империялардың қыспағына түсіп, халқымыз ошағы мен отанынан айрылып қалудың аз-ақ алдында қалды. Ел басына күн туған сол бір алмағайып замандарда бүкіл қазақ бірігіп, тізе қосуының арқасында Орбұлақ пен Аңырақайдағы тарихи маңызды жойқын жеңістер Азаттықтың ақ туының астында желбіреді. Одан кейін де бостандыққа бұлқынған, еркіндік аңсаған ерлердің күресі толастамады.

Еркіндікті аңсаған, елдікті көкसेген ұлтымыздың ұлы рухы ата-бабамызды отаршылдық саясатқа қарсы ұлт-азаттық көтеріліске бастап шықты. Халқымыздың сол асқақ, азат рухы қазақ сахарасында Абылайдың ақ туын жықпауға бар күш-жігерін салған Кенесары, Наурызбай сынды ұлттық батырларымыз бастаған 100 жылдан астам уақыт толастамаған ұлт-азаттық көтерілістерден 1916 жылғы ұлттық көтеріліске ұласқан күрестерде шыңдала түсті. Осыдан 90 жыл бұрын Алаш ардақтыларына қазақ автономиясын құрғызған да сол өршіл мінез, асқақ арман болатын. Егер сол бір сындарлы шақта қазақ зиялыларының басын бәйгеге тіккен белсенді істері болмағанда бүгінгі күнгі ел егемендігін елестетудің өзі аса қиынға айналары ақиқат еді [4, 128-129 бб.].

1941-1945 жылдардың арасында болған отан соғысы қазақ халқы үшін аса ауыр болды. Осы аралықта 1 млн. астам қазақстандықтың өмірін жалмаған соғыс құрбандарының жарты млн. қазақ ұлтының өкілдері еді [5, 103-105 бб.].

Сұрапыл соғыс, тек соғыс батырларын тудырып қана қойған жоқ, сонымен қатар тыл жұмыстарының ерлерін жарыққа шығарды. Қазақ халқы соғысқа материалдық және рухани жағынан үлкен көмек көрсеткен ұлттың бірі екені анық. Жұмыс күні 12 сағатқа созылып, қарттар мен жастардың шуақты күндерін ұрлап әкеткен болатын. Таңның атысы мен күннің батысына қарамай, масақ теріп, мал жайып, егін еккен қазақ халқы бір мезет болса да мызғыған жоқ. Жас балалардың жастық шағы соғыстың көлеңкесінде қалып қойып, жастардың жалынды кезеңдерінің отты шақтары соғыстың суымен өшірілген болатын. Бірақ, қазақ халқы өз болмысын, өр кеуделі рухы мен табиғи болмысын сақтап қала білді. Сондықтан да, бүгінгі тәуелсіздігімізге отан соғысының тыл және соғыс ардагерлерінің қосқан үлестері салмақты, еңбектері көлемді [6, 63-65 бб.].

Тәуелсіздік жолындағы осындай әрекет-ұмтылыстардың бәрі ел тарихының ең қастерлі «парақтары» ретінде әрқашан жадымызда мәңгі сақталатыныны сөзсіз. Сондықтан да аталардың аманаты мен ел еркіндігі үшін қыршын кеткен боздақтардың, ата-бабаларымыздың рухы алдында әрқашан тағзым етеміз. Ешкімде ұмытылмас, ешкімді де ұмытпаймыз!!!

Жеңістің 75 жылдығына орай, Ұлы Отан соғысының тарихын зерттеу, ақиқатты ашу, тарихты түгендеу тек қана тарихшылардың ғана жұмысы емес, болашақ өскелең жастардың да басты міндеті. Себебі, тарихты тұлғалар жасайды. Ал, әрбір ардагер - бұл тарихи тұлға.

Ел басына күн туған кезде өз ісімен, біліктілігімен танымал әскери мамандар түрмеде отырды және олар азаптау мен қинауды бастарынан өткізді. Олар егерде НКВД тұзағына түспей, соғыс жылдарында өз еліне қызмет етсе Жеңіс күні жақындай түсер ме еді, соғыстағы құрбандықтарымыз да аз болар ма еді деген сұрақ туады.

1941 жылы 22 маусымда Ұлы Отан соғысы басталды. Бұл соғысқа әлем халықтарының 80 пайызы қатысып, 61 мемлекет тартылып, 40 елдің жерін соғыс өрті шарпып, 110 млн адам қолына қару алды. Ал Кеңес Одағы бойынша 35 млн. адам қатысып, 27 млн. астам адам опат болды. Соғыс 1418 күнге созылды, сонда әр 4 сек сайын 1 адам қаза болды деген сөз [7, 33-45 бб.].

Соғыс басталардың алдында, жоғардан берілген бұйрық бойынша Қызыл Армияның жоғары әскери басшылары, яғни 37-38 жылғы жазалау шараларынан аман қалғандары Сталинге қарсы әскери төңкеріс жасауды әзірледі деген айыппен тұтқындалды.

Тұтқындалғандар қатарында: Қару-жарақ Халық комисары, генерал-полковник Б.Л.Ванников; Кеңестер одағының 2 мәрте батыры, авиацияның генерал-лейтенанты Я.В.Смушкевич; Әуе шабуылының қорғаныс басқармасының бастығы, Кеңестер Одағының батыры, генерал-полковник Г.М.Штерн; Кеңес одағының батыры, авиацияның генерал-лейтенанты П.В.Рычагов; Қорғаныс халық комисарының орынбасары, генерал-полковник А.Д.Локтионов; Бас артиллерия басқармасының бастығының орын басары, генерал-майор Г.К.Савченко; Әскери әуе Академиясының бастығы, генерал-лейтенант Ф.К.Арженухин; Кеңестер Одағының батыры, генерал-майоры И.И. Проскуров, т.б. Мемлекетке қарсы әскери төңкеріс жасаушылар ретінде айыпталғандар: Азамат соғысының батырлары; Испаниядағы, Халхи-Гол мен Хасан көліндегі соғысқа қатысқандар; Әскери істің көрнекті теоретиктері мен практиктері, яғни әскери тәжірибесі өте жоғары азаматтардың көпшілігі болған [8, 23-35 бб.].

30-шы жылдардағы әлемдік дағдарыс көптеген мемлекеттердің экономикалық, әлеуметтік және халықаралық қатынастарын шиеленістірді. Бұл жағдай әлемдік билікке талпынған күштердің пайда болуына жол ашты. Осындай күштердің ішіндегі ең қауіптісі – Германияда орнаған фашистік тәртіп еді. Батыс мемлекеттері тарапынан ұйымдасқан қарсылықтың болмауы фашистік агрессияның күшеюіне жол ашты. 1937 жылы фашистік мемлекеттер – Германия мен Италияның

милитаристік Жапониямен әскери-саяси одақ құруы екінші дүниежүзілік соғыстың негізі болды [9, 3-7 бб.].

Екінші Дүниежүзілік соғыс 1939 жылы Германияның Польшаны жаулап алуымен басталды. Франция мен Англия Германияға қарсы соғыс ашқанын хабарласа, КСРО осы жылы Германиямен 10 жылдық бейбіт келісімге қол қойды. Бұл құжат тек 1989 жылы алғаш жарияланды. Құпия келісімге сай 1939 жылы Германия мен КСРО Еуропадағы билік жүргізу аймақтарын бөліп, жаулап алу шараларын бір мезгілде бастайды. Осының нәтижесінде Германия Польшаны басып алғаннан кейін, Кеңестер Одағына Польшаның 12 млн. халқы орналасқан 200 000 шаршы км. жері өтті. Кейінірек бұл территория Украина, Белоруссияға қосылды. 1940 жылы Германия Францияны басып алғаннан кейін Литва, Латвия, Эстониядағы мемлекеттік билікті Кеңестер Одағы иеленіп, Литва, Латвия, Эстония Кеңестік Социалистік Республикалары құрылды. Қызыл Армия Прибалтикаға кіргеннен кейін Кеңестер үкіметі Румынияға бұрын Ресей империясының құрамында болған Бессарабия территориясын қайтару туралы ультиматум жіберді. Нәтижесінде Буковина мен Бессарабияның жар-ты бөлігі Украина КСР-іне, Бессарабияның қалған бөлігі Молдавия КСР-не берілді [10, 112-113 бб.].

Англия мен Франция Германияға соғыс жариялағанымен батыс майданда белсенді іс-қимыл танытпады. Бұл жағдайды Германия өз мүддесіне пайдаланып, 1940 жылы Дания, Норвегия, Нидерланды, Люксембург мемлекеттерін еш қарсылықсыз жаулап алды. Бельгияны жеңгеннен кейін негізгі күштер талқандалды. Нәтижесінде Франция Германиямен бейбіт келісімге қол қойса, Англия АҚШ-тан көмек сұрауға мәжбүр болды [11, 131 бб.].

Сонымен Батыс Еуропадағы әскери іс-қимылды аяқтаған фашистік Германия бастапқы міндеттерінен бас тартып, Кеңестер Одағын басып алуға дайындықты бастайды. Басып алған мемлекеттердің экономикалық, әскери ресурстарын өз мүддесіне пайдаланып, әбден күшейген фашистік Германия Кеңестер Одағына қарсы соғысты аз уақытта жеңіспен аяқтауына күмәнсіз сенді. Ал, Сталин және оның төңірегіндегілер 1939 жылғы келісімге сеніп, Германия тарапынан соғыс қаупін күтпеді.

Соғыстың алдында Розенберг идеясы бойынша, Қазақстан, Орта Азия, Солтүстік Иран, Ауғанстан территорияларын біріктіріп ислам пан-түріктік “Гросс Туркестан” немесе “Пантуркестан” мемлекетін құру көзделеді. Бірақта “Гросс Туркестан” идеясы жүзеге аспады. Оның орнына рейх 26 жаяу батальон, 111 рота және жүк тасушылар колоннасынан тұратын Түркістан легионын құруды жоспарлады. 1942 жылы құрылған Түркістан легионы құрамында неміс әдебиеттерінде 1 миллион, тарихшы Раух 650 000 адам, ал қазақстандық мамандар 180 000 - 250 000 адам болған деген мәлімет береді. Түркістан легионын қолдаушы қазақ зиялысы – М.Шоқай Түркістан легионы құрамындағы әскери құрылымдарды қажет деп таппаған. М.Шоқай фашистер лагерінде зардап шеккен жандарды қайтадан майданға жіберу адамгершілікке жатпайды, керісінше, оларды Германия зауыт-фабрикаларына жіберіп, болашақ Түркістан мемлекетіне маман-кадрларды даярлау идеясын ұсынады [12, 63-95 бб.].

Өкінішке орай, М. Шоқай 1941 жылы 27 желтоқсанда қайтыс болып, бұл идеясы жүзеге аспайды. Фашистер Түркістан легионы құрамындағы бір батальонды 1942 жылы алғаш рет Воронеж майданы маңында қызыл Армияға қарсы соғысқа қатыстырады. 193 легионер соғыспай Қызыл Армия жағына шығып кетеді, ал батальон басшысы Бақыт Байжановты фашистер тұтқындайды. Өйткені легион құрамына әскери тұтқындардың басым бөлігі фашистік концлагерлерден шығу мақсатымен ғана кірген. Олардың көбі жергілікті партизандармен байланысып, фашистерге қарсы партизан қозғалысы құрамында соғысады. Майданға түскен жағдайда Қызыл Армия жағына өткен. Өкінішке орай, бұл жағдай ескерілмеген. Отанында олар “РКФСР Қылмыстық істер кодексінің” 58-1 б, 58-3, 58-9, 59-10, 58-11 баптарымен жазаланып “сатқын” деген лақапқа ие болып, үрім-бұтақтарына дейін қудаланды. Француз тарихшысы Клод Дельпла түркістандықтар партизандық қозғалыстарға көптеп тартылып, үлкен ерліктер танытты дейді. Ал, неміс тарихшысы Патрик фон Мюллер олардың қиын тағдырын аяп, свастика мен қызыл жұлдыз арасында қалғандар деген сипат береді.

Ұлы Отан соғысына тартылған қазақстандықтар санына тоқталайық. Соғыстың алдында Қазақстанда 6,2 млн. адам тұрды. Соғыс жылдары қолына қару алып, майданға 1,9 млн. адам аттанды. Сталиндік тәртіп 1916 жылғы патша үкіметінің тәжірибесін пайдаланып, арнайы құрылыс батальондарын да құрды. Бұл батальондар Орта Азия және Қазақстанның жергілікті халқынан және құғын-сүргінге түскен халықтардан жасақталды. Қазақстаннан әскери комиссариат арқылы еңбек армиясына 700 мың адам жіберілді. Олар соғыс шебіне жақын аудандарда оқ астында қорғаныс объектілерінде еңбек етті. Осылайша әрбір төртінші қазақстандық қорғаныс

және майдан объектілеріне тартылған. Республиканың мобилизациялық деңгейі тіпті Германиядан да жоғары болды, Германия халқының 12% мобилизацияланса, Қазақстанда халықтың 24% мобилизацияланған. Мобилизацияланған халықтың 50-60% қазақ ұлтынан еді. Қорғаныс, көмір, ауыр өнеркәсіп жұмысшылары соғысқа тартылудан босатылса, Қазақстан тұрғындары түгелімен дерлік армияға шақырылды. Өйткені Қазақстанда шаруалар басым болды [13, 43-45 бб.].

Ұлы Отан соғысы майдандарында қаза болған қазақстандықтар санына байланысты түрлі пікірлер бар. Кейінгі жылдардағы мәліметтерде соғыстан оралмаған қазақстандықтардың саны 601 000-ға дейін жетіп отыр, оның 350 мыңнан астамы қазақтар. Бұл қолға қару алып, ұрыс даласында қаза тапқандардың саны. Егер осы тұстағы халықтың жалпы саны мен соғыста қаза тапқан өкілдердің санына шағатын болсақ, қазақтардың шығыны көршілес өзбек, татар, азербайжан, грузиндерден анағұрлым жоғары. Бұл пайыздық шығын жағынан қазақ халқы өз жерінде соғыс қимылдары болған орыстармен, украиндермен, белорустермен деңгейлеседі [14, 50-51 бб.].

Кеңестер Одағының құрамдас бөлігі ретінде жаумен шайқаста қазақстандықтар үлкен ерлік көрсетіп, жеңіс күнін жақындатуға өз үлестерін қосты. Майдандағы ерлігі үшін 520 қазақстандықтың, оның ішінде 100-ден астам қазақтың Кеңес Одағының Батыры атағын алуы – ортақ Отанын қорғауда қазақ ұлтының суырылып алға шыққанын көрсетеді.

Соғыстың алдында Қазақстанда 6,2 млн халық тұратын еді. Соғыс жылдары республикадан 1196164 адам майданға аттанды, ал еңбек әскеріне 700 мың адам жіберілді сонда барлығы 1900 мың адам сапқа тұрған. Соғыс жылдары ерлігі үшін орден және медальдармен марапатталғандардың ішінде 96638 қазақ жауынгері болды. 142 қазақ Даңқ орденінің толық иегері болды. 497 қазақстандық Кеңес Одағының батыры атағын алды, оның 97 қазақ.

Қайсыбір соғыс – ол мемлекет аралық, я болмаса, азаматтық қақтығыстар болмасын – халықтардың шегіне жеткен мүмкіндіктерін, күш-қуатын сарқып, шексіз трагедияға әкеледі. Тарих қойнауына жаңа ғана кеткен ХХ ғ. осы тұрғыдан алғанда адамзаттың ғылым мен техниканы жетілдірудегі таңғаларлық жетістіктерімен қатар сан-алуан теңдесі жоқ әлеуметтік апаттарға әкелгенін біз жақсы білеміз.

“Шыңға қарай өрлеу - құлдырауды тереңдете түседі” - деген мәтелде терең сыр жатса керек. Дүниенің байлығын қайта бөлу әрекеті екі бұрынғы-соңды болмаған Дүниежүзілік соғыстарға әкеліп, миллиондаған қыршын жастардың өмірін алып кетті. Гитлер мен Сталиннің жасаған зұлымдықтарымен салыстырсақ, Калигула мен Неронның, Атилла мен Шыңғысханның, Иван-Грозный мен Наполеонның жасағандары баланың ойыншығы сияқты болды емес пе?

Бұл соғыс, әсіресе, қазақ халқына өте ауыр тиді. Бірнеше ғасырға жалғасқан жоңғарлармен күрес, Кеңес заманындағы 30-жылдардағы аштық пен байланысты геноцидке қарамастан, қазақ халқы соңғы қалған күштерін, қызыл қанын елді азат ету жолында аямай төкті, басқа халықтардың арасында өз абыройын жоғары ұстады. Бүгінгі ақпарат құралдары ол жөнінде көп тың деректерді келтіріп, біздің ар-намысымызды көкке көтеруде. Алғашқылардың бірі болып қазақ азаматы Рейхстаққа қызыл жалауды орнатып, Қазақстан азаматтары шешуші кезеңде Волоколам жолында фашистерді Мәскеудің түбінде әрі қарай жібермей тоқтатты емес пе? Ер жүрек қыздарымыз Әлия мен Мәншүкті тудырған халқымызға неге сүйсіне қарамасқа? [15, 33-35 бб.].

Миллиондаған адамдардың осы соғыстың құрбаны болуы адамзатты терең ойларға итермеледі. Ол адам өмірінің нәзіктігін көрсетіп, осы біз не үшін дүниеге келдік, адам өмірінің мән-мағнасы неде? – деген т.б. сан-алуан сұрақтардың пайда болуына әкелді. Десек те, А. Шопенгауердің адамзат өткен қателіктер мен трагедиялардан ешқандай сабақ алмайды, - деген ойымен келісуге болатын сияқты. Атомдық электростанциялармен бірге өмірде атомдық бомбалар пайда болып, Хиросима мен Нагасакидің трагедиясына, Семей полигоны сияқты радиациямен уланған жерлердің көбейуіне, ол жердегі өмір сүріп жатқан адамдардың геноцидке ұшырауына әкеліп соқты. Чернобыль атомдық станциясындағы жарылыс адамзаттың ғылыми тәкәппарлығын су сепкендей басып: “Токта, сен Құдай емессің, аяғыңды байқап бас”, - деген сияқты болды.

Өкінішке орай, ядролық соғыс қару-жарақтары әлі де болса жетілуде, ол халықаралық бақылаудың шеңберінен шығып кетіп жатыр. Бұрыннан келе жатқан ядролық қаруы бар бес мемлекетке бүгінгі таңда Үнді, Пәкістан, сияқты елдер қосылды. Біршама елдер ядролық технологияны игеру үстінде (Иран, Солтүстік Корея, Израиль, Оңтүстік Африка республикасы).

Әңгіменің қиындығы - бұл қосылған жаңа елдер халықаралық шиеленістер аймағында орналасқан. 2001 ж. Үнді мен Пәкістан арасындағы қақтығыстар сол елдердің мемлекет басшыларының "ядролық қаруды қолдануымыз мүмкін" деген жантүршігерлік қорқытуымен аяқталғанын білеміз. Бұл проблеманы шешудің негізгі жолы – барлық ядролық елдерді (соның ішінде ешкімге де артықшылық жасамай) халықаралық бақылау негізінде жаппай қарусыздандыру

болмақ. Атомның күш-қуаты тек АЭС-терді салу арқылы бейбіт жолға қойылуы керек. Өкінішке орай, ядролық мемлекеттердің "өзімшіл пиғылы" бұл мәселені үзілді-кесілді шешуге кедергі жасауда. Алайда, бұл мәселе ертелі-кеш шешілмейінше, бүкіл адамзат үстіндегі "ядролық дамокл қылышы" сол үрейінде тұра бермек.

Осындай жағдайда АҚШ елінде болған Дүниежүзілік саммитте ҚР Тұңғыш президенті - Елбасы Н.Назарбаевтың жасаған баяндамасы, тәуелсіздікті алғаннан бергі істер, әсіресе, ядролық қарудан бас тарту, Семей полигонын жабу, сыртқы саясатта бейбіт бағыт ұстау т.с.с. – тек қана мемлекет қайраткерлеріне емес, бүкіл адамзат қауымының санасында өшпес із қалдырды. Қазақ елі бүкіләлемдік қауымдастыққа бейбіт өмір аңсайтын қоғам болып танылып, мәртебесі көтерілді.

Халықтар арасындағы өзара тәуелділік – олардың мүдделерін келіссөздер арқылы бір-бірімен ұштастыруға тең. Жер бетіндегі локальды (жергілікті) соғыстардың осы уақытқа шейін тоқталмауы, негізінен алғанда, ірі мемлекеттердің кішілерді өз еркіне көндіру саясатынан шығады. Тек бүгінгі таңда ғана Ресей мемлекеті бірте-бірте империялық сана шеңберінен шығып, бұрынғы одақтас мемлекеттермен өзара тәуелділіктің негізінде ғана жақсы тиімді қатынастарды орнатуға болатынын сезгендей. Халықаралық саясаттағы бұл оң өзгерістерге өзінің барша тәжірибесі мен білімі, тапқырлығын қосқан елдің ҚР Тұңғыш президенті - Елбасы Н.Назарбаевтың үлесін асыра бағалау өте қиын. Бүгінгі адамзатына керекті нәрсе - жер бетіндегі Ғарыштың әсем гүлі - өмірді сақтап қалу, ғылымның жетістіктерін адамгершілікпен ұштастырып, жаңа жағдайда “мәңгі сұрақ”- адамның өмірінің мән-мағнасы мен не үшін жаратылғанына - жаңа шешім іздеу, осы жолда бақталастық емес, халықтардың бір-бірін толықтыруы, өзара бір-бірін ақтауы, көмектесуі қажет сияқты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Лоциц М.Ф., Алешин С.Д., Шванков Н.П., и др. Герои и подвиги. Книга третья: Москва: ВиМО СССР Москва. – 1965 г. 328 с.
2. А. Белановский, П. Перепеченко: Героини Войны. Очерки о женищинах - героях Советского Союза: Москва: Государственное издательство политической литературы Москва. – 1963 г. 719 с.
3. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы: «Арыс»-«Қазақстан», - 1998 г. 428 с.
4. Казахстан в период Великой отечественной Войны Советского союза 1941-1945 гг. (сборник документов и материалов). Том первый. Июнь 1941-1943 гг. Алма-ата, Издательство «Наука», - 1964 г. 596 с.
5. Б.С. Сайлан. Кеңестік Қазақстанның фашизмге қарсы күресі: жаңа көзқарастар мен ұстанымдар. Алматы, «Қазақ университеті», 2016 г. 120 б.
6. Депортация народов и проблема прав человека. Материалы семинары. Алматы, 12 июня 1997 г. - Алматы: Фонд «XXI век», 1998 г. 82 с.
7. Из истории депортации поляков в Казахстан в период I Мировой войны. – Бишкек, 2013. 214 с. Сборник статей издано при поддержке Посольства Республики Польша в г. Астана. Отпечатано в типографии «TRIADA XPRESS», Кыргызская Республика, г. Бишкек.
8. Из истории немцев Казахстана (1921-1975 гг.) (сборник документов) Алматы – Москва: «Готика», 1997 г. 376 с.
9. А. Қайыржанова. Сұрапыл соғыс кезінде көшкендер: [Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстанға қоныс аударғандар туралы] //Қазақ елі. - 1998, - 15 мамыр.
10. Қ. Еңсенев. Соғыс кезінде қазақ жеріне эвакуацияланған тұрғындар //Қазақстандағы көші-қон және демографиялық ахуал (XX ғ., 20-50 жж.). -1 т. Астана, 2018 г. 111-134 бб.
11. К.Т. Дүйсембаева. Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі жылдардағы жұмыс күші миграцияның әлеуметтік-экономикалық маңызы //Абай атындағы ҚазҰПУ-дың хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. 2012. № 1/2. -128-131 бб.
12. Покровский С.Н. Казахстан в период великой отечественной войны советский союза 1941-1945гг. – Алматы, 1964. 596 с.
13. Кнышевский П.Н. Васильева О.Ю. Высоцкий В.В. Саламатин С.А. Скрытая правда войны-Москва: Русская книга, 1992. 348 с.
14. Колыбеков М.Р. История депортированных народов Казахстана (1937-1956гг.)/М.Р. Колыбеков. - Алматы, 1997. - 45-56 стр.
15. Алдажуманов К.С. Депортация народов – преступление сталинского тоталитарного режима/ К.С. Алдажуманов. – Алматы: Дәуір, 2004. -40-49 стр.

List of references:

1. Loschits M. F., Aleshin S. D., Shvankov N. P., and Dr. Heroes and ghosts. Book Third: Moscow: Vimo USSR Moscow. – 1965 G. 328 P.
2. A. Belanovsky, P. Perepechenko: The War Of Heroes. Essays on women-heroes of the Soviet Union: Moscow: State edition of the political literature of Moscow. – 1963 G. 719 P.
3. deportees in Kazakhstan: time and conditions. Almaty: "Arys" - "Kazakhstan", - 1998 G. 428 P.
4. Kazakhstan in the period of the Great Patriotic War of the Soviet Union 1941-1945. (collection of documents and materials). Tom first. June 1941-1943. Alma-Ata, Publishing House "Nauka", - 1964 G. 596 P.
5. B. S. Elan. The struggle of Soviet Kazakhstan against fascism: new views and positions. Almaty, "Kazakh university", 2016 G. 120 P.
6. deportation of people and the problem of human rights. Material seminar. Almaty, June 12, 1997- Almaty: Foundation "XXI century", 1998 82 P.
7. from the history of the deportation of Poles to Kazakhstan in the period I World War. - Bishkek, 2013. 214 S. Sbornik article was approved for the support of the Republic of Poland in Astana. Printed in the printing house "TRIADA XPRESS", Kyrgyz Republic, Bishkek.
8. from the history of the Germans of Kazakhstan (1921-1975). (sbornik documents) Almaty – Moscow: "Gothic", 1997, 376 P.
9. A. Kairzhanova. Those who moved during the Great Patriotic War: [about those who moved to Kazakhstan during the Second World War] //Kazakh Eli. - 1998, - May 15.
10. K. Yensenov. Population evacuated to the Kazakh land during the war // migration and demographic situation in Kazakhstan(XX century, 20-50.). -1 Vol. Astana, 2018 pp. 111-134.
11. Dyusembayeva K. T. Socio-economic significance of labor migration in the Great Patriotic War and post-war years //Bulletin of Abai Kaznpu. Series of Pedagogical Sciences. 2012. No. 1/2.- 128-131 op.
12. Pokrovsky S. N. Kazakhstan in the period of the Great Patriotic War of the Soviet Union 1941-1945. - Almaty, 1964. 596 P.
13. Knyshevsky P. N. Vasilyeva O. Yu Vysotsky V. V. Salamatin S. A. Skrytaya Pravda War- Moscow: Russkaya kniga, 1992. 348 P.
14. Kolybekov M. R. history of deported peoples of Kazakhstan (1937-1956). "I Don't Know," He Said. Almaty, 1997. - 45-56 STR.
15. Aldazhumanov K. S. deportation of narodov – suppression of Stalin's totalitarian regime/ Aldazhumanov K. S. Almaty: Epoch, 2004. - 40-49 STR.